

обретенные теоретические знания, навыки и умения на практике в будущем, активное внедрение инновационных методов в учебный процесс необходимо и особенно важно. Именно на таких занятиях у обучающихся формируются профессиональные и социальные качества, индивидуальные нравственные установки, основанные на профессиональной этике, вырабатывается критическое мышление, умения формировать и отстаивать собственное мнение. Основываясь на инновационных технологиях, студенты учатся: ставить и решать проблемы, определять приоритетность и очередность выполнения задач, формулировать мысли на профессиональном языке, овладевают ораторским искусством, корректно и аргументированно вести спор, анализировать результаты, делать заключения, выводы, работать индивидуально и в коллективе[3].

Использование инновационных технологий обучения позволяет студентам и магистрантам не только получать знания, но и самостоятельно регулировать и управлять процессом своего обучения, что, в конечном счете, приводит к тому, что знания становятся актуальной ценностью. Инновационные технологии обучения всегда вызывают социальную активность обучающегося, повышают учебную мотивацию, способствуют интенсивному развитию специальных профессионально значимых качеств и формируют конкурентоспособную личность.

Таким образом, подводя итог, можно отметить, что в основе инновационных методов обучения лежат активные методы, которые помогают формировать творческий, инновационный подход к пониманию профессиональной деятельности, развивать самостоятельность мышления, умение принимать оптимальные в условиях определенной ситуации решения. Как показывает практика, использование инновационных методов в профессионально ориентированном обучении является необходимым условием для подготовки высококвалифицированных специалистов. Использование разнообразных методов и приемов активного обучения пробуждает у обучающихся интерес к самой учебно-познавательной деятельности, что позволяет создать атмосферу мотивированного, творческого обучения и одновременно решать целый комплекс учебных, воспитательных, развивающих задач.

Список литературы:

- 1 Ахметова Д. Преподаватель вуза и инновационные технологии // Высшее образование в России. – 2001. – № 4.
- 2 Чернилевский Д.В. Дидактические технологии в высшей школе. – М.: ЮНИТИ, 2002. – 437 с.
- 3 Осмоловская И.М. Инновации и педагогическая практика// Народное образование. — 2010. — № 6.

ЭОЖ: 378.147: 376.2

Керімбекова Б. Д.

*ф.ғ.к., С. Демирель университетінің ассистент профессоры
Алматы/ Қазақстан, bayan.kerimbekova@sdu.edu.kz*

ОЙЫН БАЛАСЫН ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Abstract. Kazakh have a conception "child of play". Child of play is a child of age 6-7 who doesn't go to school yet or who just starts attending to class. In this article answered the

question which types of plays should use in studying of children. Also will define the ancient's and today's types of plays and will say how they influence to developing of children's thinking, speaking, psychology.

Key words: child of play, ancient's plays, today's plays.

Қазақ халқында әр жастағы баланың жасына қарай өз атаулары бар. Мысалы: бір жасқа дейінгі бала *шақалақ, нәресте* 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – *бөпе*, ұл бала – *бөбек*, 6 жастан 7 жасқа дейін – *бала, балақай*, жетіден он беске дейінгі жастарды *бозбала* деп атау қалыптасқан. Сондай-ақ, қазақта «ойын баласы» деген ұғым бар. «Ойын баласы» деп мектепке дейінгі балаларды, яғни 6-7 жасқа дейінгі балаларды атаған. Ойын баласының негізгі міндеті – ойнау. «Ойын баласы ойынмен өседі», – деген қазақ халқы «Ойын баласы ойнай да, ойлай да білу керек», – деп, мектепке дейінгі балалардың ойыныны өте қатты мән берген. Өйткені, ойын арқылы бала тек қана ойнап қана қоймай, үлкен өмірге әзірленеді.

Ойын – қай дәуірдегі баланың болмасын басты арманы, басты қажеттілігі. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті екені анық. Аталған мақалада біз қазақтың ежелгі ойындары қандай болды, бүгінгі ойындары қандай болуы керек деген сұраққа жауап бермекшіміз.

Қазіргі кезде “ойын” ұғымының мағынасы кеңейіп, тұрмыс пен мәдениеттің түрлі салаларын қамтуда. Бұрын балалар ойыны мен актер ойыны педагогика мен өнертанудың ғана зерттеу нысандары болып келсе, қазіргі таңда ойын проблемасы психология, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану, т.б. салалардың көкейтесті мәселесіне айналып отыр. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып тұлғаны дамуын қалыптастыруға болады.

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін басты құбылыстың бірі. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, логикалық ойындар, грамматикалық ойындар, ұлттық ойындар, т.б. Мұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Тәрбие жұмысы барысында үстел үстінде ойналатын ойындар, қимыл ойындары, техникалық, әдеби-театрлық ойындар, аттракциондар қолданылды.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі бала ойындарын түпкі мақсатына қарай шартты түрде мынадай топтарға бөлуге болады:

- Тұрмыстық құбылыстарды бейнелейтін ойындар: «отбасы», «мектеп», «балабақша» және т.б. болып ойнау;
- Жасампаз еңбекті бейнелейтін ойындар: корабль салу, үйлер, стадиондар тұрғызу, т.б.;
- Қоғамдық демонстрациялар: қонақтарды қарсы алу, саяхаттар т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ежелгі ұлттық ойындар. XX ғасырдың басында қазақ ғалымы Әбубәкір Диваев «Қазақ балаларының ойындары» атты мақаласында: «... Егер қыздар жасайтын қуыршақтарды, балалар илеп жасайтын саз аттар мен түйелерді есептемесек, қазақтарда ойыншықтар мүлде жоқ дерлік», – деп жазады (Диваев, 118). Олай болса, дайын ойыншықтар келгенге дейін қазақ баласы қандай ойын ойнады? Өзге халықтар сияқты қазақ баласы да ертеден қалыптасқан, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан өте ежелгі, көне ойындарды ойнады.

Фольклортанушы ғалымдар ойынға байланысты адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол

жастағыларға лайықты: «Санамақ», «Тәй-тәй», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Қуырмаш», «Алақан соқпақ», «Ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын жатқызады (Төтенаев, 97). Ал одан кейінгі топқа: «Тақия тастамақ», «Тартыс», «Сиқырлы қоржын», «Бәйге», «Көкпар», «Асық», «Хан талапай», «Теңге алу», «Қыз қуу», «Ақсүйек», «Күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады дейді. Ойын – балалардың күнделікті, жылдың әр мезгілінде істейтін кәсібі. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез — құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған.

Қазақ халқының тіршілігінде төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе) мал шешуші орын алған. Сондықтан, төрт түліктің қасиеті барлық мәдениет пен өнердің, соның ішінде бала ойындарының дамуының да негізі болды. Ежелгі ойындар болып саналатын «Соқыр теке», «Түйе-түйе», «Көк сиыр» сияқты ойындар ойымыздың дәлелі. Қазақтың қара баласы өз-өзіне түйе немесе ат түріндегі ойыншықты балшықтан жасап алатын болған. Сондықтан да бұлар балақайдың бүтіндей өнімі, шығармашылық әрекеті болып табылады. Өйткені, ойын – еңбектің бастауы. Бала ойын арқылы еңбек дағдысына үйрене бастайды. Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас. Сол себепті педагог-ғалымдар «Жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын- жаман жұмыс сияқты» дейді.

Ұлттық ойынның бірі – «Ұшты-ұшты». Ойын бастаушы бала оған қатысушыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын, ұшпайтын заттарды араластырып айтады. Ойын ережесі бойынша ойнаушылар ұшатын заттарға ғана қолын көтеруге тиісті. Олар ұшпайтын затқа қолын көтеріп қалса, айыбына өз өнерін көрсетеді, яғни, өлең айтып, би билеп, мақал-мәтел, жаңылтпаш, тақпақ айтады. (Ақ сандық, көк сандық, 2176). Біріншіден, балаларға қызық, екіншіден, есте сақтау, мұқият болу қабілеттерін дамытады, өнерлі болуға баулиды.

Қазақтың балалар ойынында өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Мұндағы мақсат: баланы тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы — балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

«Ақсерек-көксерек» ойыны. Ептілікті қажет ететін қызықты ойындардың бірі. Ойынның шарты бойынша балалар екі топқа бөлініп, араларын жиырма қадамдай ашып, тізіліп, қол ұстасып тұрады. Бірінші топ:

Ақсерек, көксерек,

Шауып алдым бәйтерек.

Ақсерек, көксерек,

Бізден сізге кім керек? – деп топпен хормен сұрайды. Келесі топ жауап береді:

Ақсерек, көксерек,

Сізден бізге ... (баланың аты) керек.

Аты аталған бала жүгірген күйі қарсы топтың ұстасып тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Үзсе, сол топтың бір баласын өзімен ала келеді, ал үзе алмаса, сол топта қала береді. Қай топта бала көп болса, сол топ жеңеді. Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді. Дене тәрбиесі, сергіту сәттерінде пайдаланылады.

Асық – қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Асықпен ойналатын ойындардың түрі сан алуан. Сабақтың элементі ретінде де қолдануға болады. Балаларға шапшаң, епті болуды баулиды, сонымен қатар асық табиғи зат болғандықтан, бала денсаулығына еш зиянын тигізбейді. Сондай-ақ балалар ұлттық ойындар арқылы ата-бабасының тұрмыс-салтынан да хабардар болады, бойына сіңіріп өседі.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Адамның денсаулығы жас кезінен бастап қалыптасуы керек. Демек, кезінде ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бүлдіршіндер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған заттық ойындар – қоршаған заттар мен балалар ойыны барысында бала оларды тиісті орында пайдалануды үйренеді. Мектепке дейінгі баланың негізгі ойындары ойыншықтар арқылы жүзеге асады. *Ойыншық* – шынайы заттардың нақты бейнесі, балаларды қызықтырарлық түрде оқытуға және ойнауға арналған арнайы зат. Ойыншық – тәрбиелеудің негізгі құралы. Балалардың ақыл – ойын дамытатын ойыншықтардың ішінде *дидактикалық ойыншықтар* үлкен орын алады. Мұндай ойыншықтар баланың ақыл- ойын, тілін дамытып, білім мен дағды, іскерлік жайлы бірқатар түсінік береді. Олармен ойнай отырып бала заттардың түсін, көлемі мен пішінін атап, сандармен танысып, ұсақ бөлшектерді тұтас бір затқа жинап, оларды қайта бөлшектеді үйренеді. Олардың ішінде халық арасында кеңінен қолданылатын мынадай ойыншықтар бар: бір түсті шеңберлерден тұратын конусты қамалдар (1,5-3жас), түрлі -түстілері (3-7 жас), әр түрлі «бір – бірінің ішінен шығатын» - бөшекелер , жұмыртқалар, шарлар (1,5-5жас). (*Тұрғынбаева, 4*). Дидактикалық ойыншықтардың көп тараған түрі – конструкторлар. Құралатын бөлшектері бар мұндай ойыншықтар 4,5 – 5 жастағы балаларға арналған. Баланың білімін арттыруға *техникалық ойыншықтар* негіз болады. Әр түрлі жастағы балалар үшін дайын техникалық ойыншықтар мағынасы бойынша да, образы бойынша да ерекшеленеді. Мысалы, 2 – 5 жастағы балалар үшін түрлі машиналар мен паравоз, ұшақтар мен танктер қызық.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған драмалық ойындар. Қазақ тілі сабағында драматизацияланған ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуда көп әсерін тигізеді. Драмалық ойындар басқа ойындарға қарағанда күрделірек, себебі, ол ертегілерден және әдеби шығармалардан құрылады. Балалардың тілдерін жетілдіруде, сөздік қорларын дамытуда драмалық ойындардың маңызы зор. Драмалық ойындар – мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық қалпын, ой-өрісін, мінез-құлқын орнықтырудың басты құралдарының бірі . Драмалық ойындарды екі бағытта жүргізуге болады:

1. Сазды-сахналық (музыкалық) қойылымдар.
2. Қуыршақ театры. (*Қамалбекова, 9*).

Жалпы драмалық ойындарда балалардың шығармашылық қабілет-мүмкіндіктері айқын аңғарылады. Бұл ойындарда балаларға шығармашылық жағдайлар жасауға, өздеріне тапсырылған рөлдерді толық игеріп, кірісіп кетулеріне көп көңіл аударылуы керек. Олардың тиісті бейнелерді дұрыс жасаулары үшін іс-әрекет қимылдарын көрсетіп, жетілдіру керек. Кейіпкерлердің сөздерін, көңіл-күйі, сезімін, мінез-қалпының қандай болуы керектігін түсіндіріп, ұғындыру. Нәтижесінде драмалық ойындар барысында олардың тартымды бейнелер жасай білуіне қол жеткізуге болады. Тәрбиешілер

балалардың өздеріне тән жеке қасиеттерін анықтай түсу мақсатымен театрландырылған қойылымдар өткізуге болады. Бұл ойындарда қабілеті бар деген балалар өздерін еркін ұстайды, ал ұялшақ, ұяң балаларға жай рөлдер беруге болады. Оларға қуыршақтарды қалай ұстау керектігін, мимика, дауыс ырғақтарын үйрету керек. Театрландырылған ойындардың мазмұны адамгершілік, достық, кішіпейілділік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты қасиеттерді уағыздауға бағытталады. Балаларға жануарлардың сыртқы кейпін салып келтіру мақсатында «Тауық пен балапандар», «Қоян мен көжектер», «Аю мен қонжық», «Түлкі мен қасқыр» және т.б драмалық ойындар ұйымдастыруға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сюжеттік- ролдік ойындары. Балалардың тілін дамытуда, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде рөлдік ойындар тиімді нәтиже береді. Рөлді ойнап тұрған бала өзін сол кейіпкерге теңеп, (мәселен, батырға, шешенге) кейіпкердің жақсы қасиеттерін бойына сіңіреді. Мақал-мәтелдерді пайдалану барысында әдеби сөйлеуге дағдыланады, сөздік қоры молаяды, халқымыздың асыл-маржанын меңгереді (*Ізімова, 12*).

Рөлдерлік ойын. Бала үлкейген сайын ойыншықтардың сырт пішінінің сәйкестігіне талаптары күшейе түседі. 3 жастан бастап балалар қуыршақтармен ойнау кезінде кейбір құрал – жабдықтарды қолдана бастайды: жиһаз , ыдыс-аяқ және т.б. Кіші мектеп және ересек мектеп жасына дейінгі балалар қозғалысқа түсетін ойыншықтарды қалайды: микроэлектромоторлы шаңсорғыш, кір машинасы, жарықтандырылған тоңазытқыш, жанатын лампа және т.б. Ұсақ ойыншықтармен ойында мектеп жасына дейінгі ересек және кіші мектеп жасындағылар кейбір декорацияларды қажет етеді. Тұрғын үйді бейнелейтін ойыншықтар қажет (әр түрлі бөлмелер, қақпалар, ағаштар, аула құрылыстары), мектеп (парталар, санағыштар және мектеп тақтасы) және т.б.

Балалардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге көмектесетін ойыншықтар. Баланы үлкендер еңбегімен таныстырады, сол еңбектің құрал – жабдықтарымен таныстырады, балаларды күш – қуатты қажет ететін, еңбекке баулиды, ұжымдық сезімді тәрбиелейді. Көптеген ойыншықтар кәсіптік және тұрмыстық еңбек процесін көрсетеді. Мысалы , «Кішкентай аспаз» жинағы , ұнмен жұмыс жасауға арналған заттардан тұрады. Осындай жинақты пайдалана отырып 5 жасар бала ермексазды оқтаумен жаяды, әр түрлі пішінді ойыншық тоқаштар жасайды. 2 – 4 жасар бала құммен осындай әрекеттер жасайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл - қозғалыс ойындары. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, тапқырлық, достық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалар тәрбиеленеді.

Дене шынықтыру пәнінің белгілі теоретиктері П.Ф.Лесгафт және В.В.Гориневскийдің дәлелдеуі бойынша жас бүлдіршіндердің тезірек бұғанасының бекіп, ағзасының қалыпты дамуына және оның тез жинақталып, қимыл іс-әрекетті шапшаң орындауда қозғалмалы ойындардың алатын орны ерекше. Сонымен қатар қозғалмалы ойындар баланың көңілді, өмірге шаттық қуанышпен қарауын және ақыл-ойының дамуына әсер ететін дұрыс фактордың бірі ретінде қарастырылады. Қимылдық ойынның нәтижесінде бала белгілі сигналға үйреніп, ойын ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына немесе оның басындағы мидың тежелу функциясының дамуына өз септігін тигізеді. Баланың дағдысы 7 жасқа дейін қалыптасып, әрі қарай шыңдалуының негізгі фундаменти қызметін атқарып, өмірде күрделі қимыл іс-әрекетін қиналмай жасап, үлкен спортта да табысқа жетуінің алғышарты

қалыптасады. Ойын барысында балалар әртүрлі қимыл жасайды: тұрады, еңкейеді, қашады, қолмен ұстайды.

Заманауи ойындар яғни, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Бүгінгі күнде Қазақстандағы балабақшалар мен мектептердегі білім беруде ойынның маңызды орын алатындығы жиі айтылуда. Соған орай түрлі заманға сай ойындар пайда болып жатыр. Өйткені, күнделікті өмірде де, балабақшалардағы сабақтарда да бірсарындылық баланың қызығушылығын жоғалтады. Ал ойын арқылы балалар әлем есігін ашады, шығармашылық қабілеттері артады. Бүгінгі күнде балабақшаларда балалардың есте сақтау қабілетін арттыратын ойындар, сөйлеуін жақсартатын ойындар, үстел үсті ойындар сияқты жаңа ойындар жиі қолданылып жүр.

Үстел үсті ойындары. Мұндай ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта».

Сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады **(Зұлныхарова, 9).**

Қазақ зиялысы Мағжан Жұмабаев: «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болуы керек, бақылау деген сөз – қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қарап тұр деген сөз емес, олай тұрсаң бала ойынына кірісуші болма!», – деп жазады. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас және дара ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы, сюжеттік рөлді, қимыл-қозғалыс, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындардың түрлері бар. Әрқайсының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі мен қызметтері бар. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер туғызады, оқу әрекетінің негіздері қаланады.

Ойын туралы көптеген теориялар бар. Солардың бірін алғаш рет жасаған Ф.Врубель. Ол ойын арқылы бала өзін-өзі көрсеткісі келеді дейді. М.Лазарус жұмыстан кейін дем алу теориясын, Г.Спенсер денедегі артық энергияны шығару, К.Круз тіршілік үшін күреске әзірлеу ойындарының, С.Л.Рубинштейн еңбекке дайындайтын ойындарының теориясын жасады. А.М.Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды» - десе, А.С.Сухомлинский: «Ойын – дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе», –дейді. Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин сияқты белгілі психолог ғалымдар: «Ойын баланың өзіндік өмірі» - деген ортақ тұжырым жасайды. Ал біздің халық даналығы: «Ойлы бала ойыннан өседі», - дейді..

Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады, оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын– тәрбие құралы , э с т е т и к а л ы қ т ә р б и е көзі. Ойын – мінез сауыты.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Диваев Ә. Қазақ балаларының ойындары. Кітапта: Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Арыс, 2006.
- 2 Ақ сандық, көк сандық – Алматы: Жазушы, 1988 ж.
- 3 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994 ж.
- 4 Қазақтың ұлттық ойындары – Алматы: Рауан, 1991 ж.
- 5 Тұрғынбаева Б.А., Шабденова Б.Ш. Шығармашылық баспалдақтары.– Алматы, 2003ж.
- 6 Абдрахманова Ойын арқылы оқушылардың мүмкіндігін жетілдіру // «Дефектология» журналы, 2014ж. №1. 33 бет.
- 7 Қамалбекова А. Оқушылардың қызығушылығын ойын арқылы арттыру // Бастауыш мектеп журналы. 2005жыл.
- 8 Ізімова Ж.Д Халық ауыз әдебиетінің түрлері арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту// «Тілашар. Логопед» журналы, 2013жыл. №5. 3 бет.
- 9 Кел, балалар, ойнайық! – Алматы: Арда, 2006 ж.
- 10 Молдагаринов Аскар. Казахские детские игры. – Алматы: Жалын, 1987 ж.
- 11 «Педагогика жаршысы» журналы. №4. 2010ж.
- 12 Зұлпыхарова Т. Оқушының ой - өрісін дамыту// Бастауыш мектеп журналы. №4. 2004жыл.
- 13 Шынашақ.. Құрастырушылар – М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев.– Алматы: Балауса, 1992 ж.

ӘОЖ 809.434.2-07

Қондыбай К. Ә.

ф.ғ.к., аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: kondybay@mail.ru

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Abstract. The article touched upon the work of the group as a oddities identity formation methods enrolled in the educations system. The main problems and their solutions.

Key words: group work, results of aim, pedagogical technology.

Білім беру саласындағы білімді игертудің заманауи әдіс-тәсілдері үздіксіз зерттелуде. Білім беру саласындағы бұл жаңашылдықтар ұрпаққа сапалы білімді игерту үшін жасалған бағдарламалар мазмұныны енді. Қазіргі таңда білім беруші педагогтер осы интербелсенді әдістерді өз тәжірибесіне енгізді.

Педагогикалық технология – педагогтің білім мен тәрбие беру мақсатына жетудегі бірізді әрекетінің жүйесі, педагогикалық жүйенің практикада іске асырылатын жобасы. Педагогикалық технология – кепілді нәтиже беретін ғылыми жоба. Демек бұл ұғымның оқыту технологиясы ұғымынан аясы кең. «Технология» ұғымының негізгі мағынасы өнімді өндіру үдерісінде шикізаттың қалпын, күйін өзгерту, жанарту әдістерінің жиынтығы, шеберлікпен өнім алу дегенді білдіреді. Яғни технология – адамның басқаруымен техникалық құралдарды (станок, машина) пайдалану арқылы өнім алу. Мұндағы ең маңызды нәрсе – техникалық құралдар. Енді осы мағынадағы ұғымды жоғары мектеп педагогикасына аударсақ, онда адамның басқаруымен ең негізгі қызметті оқыту құралы атқаратын оқытудың тәсілі болып табылады.